

**«СаҚуРа КӨКТЕМ» ЖАУАПКЕРШІЛГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҚ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

ХАТТАМА №1

Откізген күні: 29 тамыз 2024 жыл

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы балабақшаның қызметінің негізгі бағыттары».

Мақсаты: 2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу-оқыту жұмысын үйымдастыру. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін үйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Тамыз кеңесі материалдарымен таныстыру.

Педкеңес төрайымы: М.Т.Миразимова

Қатысқан: 4 педагог

1. Наурузова Ардак Толегеновна
2. Каракенова Мадина Талиповна
3. Сандыбаева Гулайым Алмешовна
4. Ташмаганбетов Аян Аманкелдиевич

Күн тәртібінде:

1. Балабақша менгерушісі М.Т.Миразимова алғы сөзі. Жаңа оқу жылының басталымен құттықтау. Күн тәртібімен таныстыру

2. Білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін үйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру

3. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту:

- жылдық мақсат пен міндеттерді;
- оқу жоспарларын,
- үйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі;
- перспективалық жұмыс жоспарлары;
- күн тәртібі кестесін бекіту

4. Тренинг «Өзіне деген сенімділікті арттыру» М.Т.Миразимова

5. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.

2024-2025 оқу жылының №1 педкеңесі дәстүрден тыс тәсілде өтті. Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі М.Т.Миразимова сөз алды. Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына толағай табыстар тіледі. 2023-2024 оқу жылына қорытынды жасалынып, жасалған жұмыстардың нәтижесін атап өтті. Тәрбиленушілердің мониторингісіне тоқталып, балалардың коммуникативтік білім дағдыларын дамыту бойынша іс-әрекеттерді көбейтуді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі М.Т.Миразимова білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыруды. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін үйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру жүргізді. Жаңа оқу жылы жасанды интелект технологияларын

менгеру жылы болатынын ескертті, онымен қоса балаларға экологиялық білім беру, қауіпсіздік туралы нұсқаулықтар жан-жақты түсіндірілді. 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдама бойынша «Біртұтас тәрбие» бағытында кешенде бағдарлама аясында жұмыс жасалатынын айтып, дамытушы орталықтарды кеңейтуді ескертті. Балаларға арналған ұлттық бұрышта арнайы қамшы өру, шаш өру бұрыштарын және балаларға арнайы жайлы демалыс орны болуы керектігін де атап өтті. Тәрбиешілердің сұрақтарына жауап берілді, нұсқаулық бойынша аналар, әжелер, әкелер мектебі бойынша кешенді жұмыстар жалғасатынын да айта кетті.

Ушінші мәселе бойынша 2024-2025 оку жылының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. 2024-2025 оку жылы шыққан әдістемелік нұсқаулық хат негізінде мерекелік іс-шаралар талқыланды. Жаңа оку жылындағы өзгерістер айтылды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру үйымдастырылған базшысы (тәрайымы), музика жетекшісі, педагогтер кіретіндігін, сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айтты.

Менгеруші-әдіскері педагогикалық кеңестің хатшысы болып Наурузова Ардак Толегеновнаны ұсынды, аталған педагог педагогиес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырады деп сенемін.

Педагогтардың сұрақтарына жауап берді. Барлық топтарға үйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі, вариативтік бөлім кестесі, перспективалық жоспарлары, таңғы жаттығу және әнұран айту кестесі, күн тәртібі кестесін бекітіліп, таратылды. Балабақшаның жас мамандарына тәлімгерлер бекітілді. Тәлімгерлік жұмыс бойынша жоспар құрылды.

Тәртінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі М.Т.Миразимова жаңа оку жылына мотивациялық «Өзіне деген сенімділікті арттыру» тақырыбында тренинг өткізді. Барлық педагогтар қызығушылықпен қатынасты. Жаңа оку жылына әр педагог өзінше серпін алды, тренинг барлық педагогтың көңілінен шықты.

Ішкі тәртіп ережелерін қайта айтып менгеруші педагогтарға жұмысқа кешікпеулерін және ата-аналар жиналысын өткізу қажеттігін атап өтті. Әрбір іс-әрекеттерде ата-аналармен тығыз байланыста болуларын ескертті. Балалардың тазалығы мен төлемақысын қадағалауды тапсырды.

Педагогикалық кеңестің шешімін қабылданды.

Қаулы:

1. 11 қыркүйекке дейін топтардың жеке іс-қағаздары тапсырылсын.
2. Қыркүйек айының екінші аптасында перспективалық жоспарлар бекітілсін.
3. Ішкі тәртіп толықтай сақталсын, жұмысқа уақытылы келсін.
4. Топтардағы дамытушы орталықтар толықтырылсын.
5. Білім беру-тәрбиелеу процестеріне ата-аналар тартылсын. Ашық есік күндері үйымдастырылсын

Педагогикалық кеңес тәрайымы
Хатшы



М.Т.Миразимова
А.Т.Наурузова